

Хаттама

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Тарбағатай Ауданы бойынша білім бөлімінің «Ақмектеп орта мектебі»КММ-де қамқоршылық кеңестің кезектен тыс отырысы болды.

Қатысқан:8

Қатыспаған :1

Өткізілген күні: 29.05.2023 жыл

Күн тәртібінде:

Қамқоршылық кеңестің төрағасын сайлау және қамқоршылық кеңеске мүше болатын адамды қабылдау туралы.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша әлеуметтік педагог Қ.Мағзиев қамқоршылық кеңестің төрағасы К.Амиреновтың отбасылық жағдайымен қоныс аударуына байланысты орнына қамқоршылық кеңестің төрағасын сайлау қажеттігін айтты.

Жарыссөз:

Бопаева А.- Қамқоршылық кеңес төрағалығына Сүлейменов Бауыржанды ұсынамын.

Назарбаева Г.- Сүлейменов Бауыржан жас, іскер, қолынан келеді, сондықтан қарсы емеспін.

Мұқашев К.- Ауылымыздың тумасы, кәсіпкер шаруа қожалық иесі

Мұхаметқалиев Кәкімді мүшелікке қабылдасақ. Ол кісі үнемі ауылдың барлық шараларында демеушілік жасап, қайырымдылыққа үлес қосып жүрген азамат.

Қаулы:

1. Көпшілік дауыспен қамқоршылық кеңестің төрағасы болып Сүлейменов Бауыржан бірауыздан сайлансын, өз жұмысын жауапкершілікпен атқарсын.
2. Қамқоршылық кеңестің мүшелігіне Мұхаметқалиев Кәкім қабылдансын.
3. Осы қаулы бойынша қамқоршылық кеңес өз жұмысын нәтижелі атқарсын.

Хатшы:

 А. Машкенева

Хаттама №1

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Тарбағатай Ауданы бойынша білім бөлімінің «Ақмектеп орта мектебі»КММ-де қамқоршылық кеңестің отырысы болды.

Қатысқан:8

Қатыспаған :1

Өткізілген күні: 15.08.2023 жыл

Күн тәртібінде:

- 1.«Сыбайлас жемқорлыққа себеп болатын жағдайлардың алдын алу» туралы мектептегі бұйрықпен танысу; (хабарламашы Р.Акиева)
2. Жаңа оқу жылына арналған қамқоршылық кеңестің жоспарын құру және бекітуге ұсыну; (хабарламашы қамқоршылық төрағасы Б.Сүлейменов)
3. Мектеп бойынша тегін мектеп формасы мен аяқ киімге және ыстық тамақпен қамтамасыз ететін аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан оқушыларды анықтау.(хабарламашы әлеуметтік педагог Қ.Мағзиев)
4. «Мектепке жол акциясы»барысында аз қамтылған, көп балалы отбасыларға көмек көрсету; (хабарламашы әлеуметтік педагог Қ.Мағзиев)
5. Мектеп жарғысына толықтырулар немесе өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар дайындау. (хабарламашы Р.Акиева)

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша ДТІЖО Р.Акиева

« Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі» бұйрықпен, 2015 жылғы 10.10 ҚР Заңының 10-бабына, ҚР Мемлекеттік Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленген жұмыстармен,2017 жылғы 30 мамырдағы № 54 сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен таныстырды.

Екінші жаңа оқу жылына арналған қамқоршылық кеңестің жоспарын құру және бекітуге ұсыну; (хабарламашы қамқоршылық төрағасы Б.Сүлейменов)

Жаңа оқу жылының жоспарымен таныстырды.

Әлеуметтік педагог Қ.Мағзиев

Мектеп бойынша тегін мектеп формасы мен аяқ киімге және ыстық тамақпен қамтамасыз ететін аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан оқушылардың тізімін оқып таныстырды:

- Биылғы оқу жылында ыстық тамақ ішуге 46 аз қамтылған көп балалы санатындағы оқушылар тізімі жасалды, осы тізімге байланысты өз ойларын айтуды сұрады, 68 оқушыға мектеп формасы мен аяқ киімге қаржылай көмек алуға тізім жасап, таныстырды. Осы тізімдегі оқушыларға қосарларыңыз бар ма, ұсыныс айтасыздар ма?

«Мектепке жол акциясы» барысында аз қамтылған, көп балалы отбасыларға көмек көрсету:(хабарламашы әлеуметтік педагог Қ.Мағзиев)

- Қыркүйек айынан бастап «Мектепке жол» акциясы жалғасып, акция барысында «Қайырымдылық айлығы» жарияланып, мектеп ұжымы, ата-аналар акцияға белсене қатысты. Мектеп мұғалімі М.Темирбеков 5 мың , жәрмеңкеден түскен жалпы қаражат есебі 33 мың теңге болды.

Мектеп жарғысына толықтырулар немесе өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар дайындау:(хабарламашы Р.Акиева)

Мектеп жарғысымен таныстырды «Шығыс Қазақстан облысы қаржы басқармасы» ММ 2021 ж»21.10.№17 -538 (к) бұйрығымен бекітілген.

Жарыссөз:

Назарбаева Г. – Күн тәртібіндегі мәселелер орынды, күн көріс деңгейі орташа отбасының балаларына қайырымдылықтан көмек көрсетейік, не қажеттілік бар сұрайық.

Мырзекеев Қ.- Ата-аналарды қолдау орталығының сабағына қатысайық, лагерьге баратын отбасылардың жол шығынына қайырымдылық қорынын көмек жасалса.

Баяхметова А.- Ыстық тамақтың дұрыс берілуін қамқоршылық кеңес мүшелері жүйелі тексерсе, ас мәзірі бойынша.

Қаулы:

1. Сыбайлас жемқорлыққа жол берілмесін.
2. Жаңа оқу жылына арналған қамқоршылық кеңестің жоспары бекітілсін.
3. Тегін мектеп формасы мен аяқ киімге, ыстық тамақ ішуге ұсынылған тізім бекітілсін.
4. «Мектепке жол» акциясы жалғасын тапсын, түскен қаржы аз қамтылған отбасылардың балаларына жұмсалсын.
5. Мектеп жарғысы еске алынып, жұмыс жасалынсын.
6. Осы қаулының орындалуына басшылық жасау төраға Сүлейменов Бауыржанға міндеттелінсін.

Хатшы:



А.Машкенева

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ ТАРБАҒАТАЙ АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«АҚМЕКТЕП ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

ПРОТОКОЛ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ ШКОЛА АҚМЕКТЕП»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ТАРБАҒАТАЙСКОГО
РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

ХАТТАМА

16.07.2024

Ақмектеп ауылы

№ 2

Село Ақмектеп

«Ақмектеп орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде қамқоршылық кеңестің отырысы өтті.

Төраға – Б.Сүлейменов

Хатшы – Ә.Машкенева

Қатысқандар: 8

Қатыспаған: 1

Күн тәртібінде:

1.Қайырымдылық акциялар, жәрменкелер ұйымдастыру туралы

Б.Сүлейменов, Қ.Мағзиев.

2.Мектептегі берілетін ыстық тамақтың сапасына көңіл бөлу.

Қамқоршылық кеңес мүшелері.

3.Аз қамтылған оқушыларға әлеуметтік қолдау көрсету, спортты дамыту, дарынды балаларды қолдау.

Тыңдалды:

Б.Сүлейменов -қамқоршылық кеңестің төрағасы.

Қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Ауыл тұрғындарының белсенділігі төмен болып тұр. Кәсіпкерлерді әлі де тартуымыз керек. Мектеп ұстазы М.Темирбеков 5 мың теңге көмек берді.

Жарыссөз:

Төлеубаев Қ.–қамқоршылық кеңестің мүшесі

Мектептегі жартылай жетім балаларды бірінші қамтығанымыз дұрыс деп ойлаймын. Одан кейін ата-анасы да жұмыс істемейтін, кіріс көзі жоқ отбасының жағдайына қарағанымыз дұрыс, қайырымдылықтан түскен қаржыға осы отбасыларына көмек көрсетейік.

Толықбаева Қ: Бізде Кәкім Мұхаметқалиев қана қайырымдылық жасап белсенділік танытып жүреді.

Тыңдалды:

Әлеуметтік педагог Қ.Мағзиев: мектепте бір уақыт берілетін ыстық тамақтың сапасы қамқоршылық кеңестің назарында, қадағалануда. Арнайы мәзір бойынша күнделікті ас дайындалады. Ата-аналар мен оқушылардан шағым болып көрген жоқ.Өзім күнделікті ыстық тамақтың берілуін арнайы медбикемен бірге, мектеп әкімшілігі тарапынан бақылау жасаймыз

Жарыссөз:

Бопаева Анар: Жоғары сыныпта 23 оқушы тамақ ішеді, ас мәзірі жақсы, оқушылар мен ата-аналар риза.

Мұқашев К: Мектепте ыстық тамақ мәзірі жақсы, балалар күнделікті бал жейді. Арыз-шағым жоқ.

Қаулы етті:

Жоғарыдағы ұсыныс-пікірлерді ескере келе қамқоршылық кеңес мүшелері қаулы етті.

1.Қайырымдылық акциялары жалғасын тапсын, түскен қаражат әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасындағы оқушылардың сұранысына жұмсалсын.

2. Екінші мәселе бойынша мектептегі ыстық тамақ ішетін 46 оқушының ас мәзірімен сәйкес тамақ ішуін үнемі келіп қадағалау, қолға алу ұйымдастырылсын.

3. Мектептегі спорттық жарыстарға, дарынды балаларға баратын оқушылардың жол қаражатына қолдау көрсету ұйымдастырылсын.

3.Осы қаулының орындалуына басшылық жасау кеңестің төрағасы Б.Сүлейменовке міндеттелсін.

Төраға:

Хатшы:



Б.Сүлейменов

А.Машкенева